

## Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті жедел әскери қызметке шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 648 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 30 сәуірде N 5-12-105 тіркелді. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы N 369 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 2011.03.18 N 369 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) қаулысымен.*

«Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 Қаулысын орындау мақсатында, «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74-III Заңының 19 - 21, 23 баптарын басшылыққа ала отырып және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес, 2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жедел әскери қызметке азаматтарды уақытында және сапалы түрде шақыруды қамтамасыз ету мақсатында, Зырян ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының

Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

## 2. Әскерге шақырылатындардың медициналық куәландырылуы:

Зырян қаласында	"Зырян ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ базасында;
Серебрянск қаласында және	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Жаңа Бұқтырма кентінде денсаулық сақтау басқармасы «Зырян ауданындағы Серебрянск қаласының № 3 медициналық бірлестігі» КМҚК базасында өткізілсін.

3. Мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды сапалы өткізу үшін келесі құрамда комиссия бекітілсін:

Шестак Сергей Борисович	"Зырян ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Игнашин Николай Ефимович	Зырян ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
Бакыжанов Жамболат Асқарович	Зырян қалалық аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Нагибаев Ермек Дюсюпханович	Медициналық қызметкерлердің жұмысын басқаратын, дәрігер (келісім бойынша);
Туманова Елена Олеговна	Зырян ауданы ШҚО әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы № 1 медициналық бірлестігі» КМҚК медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Зырян ауданы әкімдігінің 2010.09.24 № 121 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

4. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін (қ о с ы м ш а ) .

5. Емдеу мекемелерінің бас дәрігерлеріне ұсыныс берілсін:

1) С.Л Зайцевқа (Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы Зырян ауданының «№ 1 медициналық бірлестігі» КМҚК-келісім бойынша), О.Г. Шатковскийге (Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы Зырян ауданының «№ 2 медициналық бірлестігі» КМҚК- келісім бойынша), Ю.В. Долговқа (Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы Зырян ауданының «Психоневрологиялық диспансері» КМҚК - келісім бойынша), В.В. Парфененковаға (Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы Зырян ауданының «Туберкулезге қарсы диспансері» КМҚК - келісім бойынша), бұйрықтармен бекітілсін және әскери - шақыру комиссиясының жұмысы үшін қажетті мамандар жіберілсін, стационарлық және амбулаторлық жағдайда әскерге шақырылатындарды толығымен тексеруден өтулері

қ а м т а м а с ы з

е т і л с і н .

2) Стационарларда көрсетілген орын саны бөлінсін (шарт негізінде):  
Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы Зырян ауданының "№ 1 медициналық бірлестігі" КМҚК: терапевт бөлімшесі - 20; травматология бөлімшесі - 15; хирургия бөлімшесі - 15; кардиология бөлімшесі - 5;

Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы Зырян ауданының «Психоневрологиялық диспансері» КМҚК -5;

Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы Зырян ауданының «Туберкулезге қарсы диспансері» КМҚК- 3;

Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы «Зырян ауданы Серебрянск қаласының № 3 медициналық бірлестігі» КМҚК: терапевт бөлімшесі - 5; хирургия бөлімшесі - 2.

6. Қала, ауылдық округтердің және кенттердің әкімдері әскерге шақырылушыларды уақытында құлақтандыруды және әскерге шақыру комиссиясына жеткізуді қамтамасыз етсін.

7. Зырян КДІБ бастығы А.К. Мұрзықановқа төмендегі ұсынылсын (келісім б о й ы н ш а ) :

1) әскерге шақырылатындарды әскерге шақыру және жіберу кезінде «Зырян ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» ММ шақыру пункті аумағында тәртіпті қамтамасыз ету үшін полиция наряды бөлінсін;

2) «Зырян ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» ММ дәлелсіз себептермен әскерге шақыру комиссиясына келмеген, әскерге шақырылатындарды іздестіру және жеткізу жүргізілсін. Осы мақсатта іздестіру т о б ы қ ұ р ы л с ы н .

8. Медициналық комиссияны қаржыландыру, әскери-оқу орындарына түсетін әскерге шақырылатындар мен үміткерлерді тексеру «Зырян ауданының әкім аппараты» ММ қаржыландыру жоспары есебінен жүргізілсін.

9. Қазақстан Республикасы азаматтарын 2009 жылдың сәуір- маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 03 сәуірдегі № 299 қаулысы (2009 жылғы 23 сәуірдегі № 5-12-80 нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген), «Қазақстан Республикасы азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 03 сәуірдегі № 299 қаулысына өзгертулер енгізу туралы» Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 қыркүйектегі № 210 қаулысы (2009 жылғы 1 қазандағы № 5-12-94 нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген) өз күшін жойды д е п т а н ы л с ы н .







3	Тұрғысын	26											
4	Средигорный	24											
5	Соловьев	42											
6	Чапаев	36											
7	Малеевск	58											
8	Никольск	35											
9	Парыгинск	38											
10	Зубовск	23											
11	Березовск	29											
	Барлығы:	348											
12	Серебрянск қ.	135											
13	Северный аул.	24	X	X									
14	Жаңа-Бұқтырма қ.	94		X									
15	Октябрьск қ.	46			X								
	Барлығы:	299											
16	Батыс бөлігі	114				X	X						
17	Оңтүстік бөлігі	153						X	X				
18	Солтүстік бөлігі	65								X			
19	Квартал	142									X		
20	Қала орталығы	124										X	
	Барлығы:	1245											

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
ЗЫРЯН АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС  
ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ,**

*подполковник С. Шестак*